

5-сынып. Олимпиадаға дайындық курсы

9-сабақ

Тақырып: Плюс-минус 1

Сынып жұмысы

1. Асқар құрылыс дүкенінен 8 метрлік бөрене сатып алды. Бірақ оның көлігіне 2 м-лік бөліктер ғана сияды. Егер ағашты бір рет кесу құны 200 тг болса, ол тағы неше тг төлеу керек?
2. Айжан кітап дүкенінде кезекте тұр. Алдынан санаса 4-ші, ал соңынан санаса 5-ші тұрғанын байқады. Кезекте неше адам тұр?
3. $[485; 1234]$. Берілген аралықта неше натурал сан бар?
4. $(485; 1234)$. Берілген аралықта неше натурал сан бар?
5. Ұлу 10 метрлік тік ағашқа өрмелеуі керек. Ол күндіз 4 м жоғары өрмелейді, бірақ түнде ұйықтап жатқанда 3 м төмен сырғып кетеді. Ол дүйсенбі күні өрмелеуді бастаса, аптаның қай күні жетеді?
6. Сужүрек атты қоян сәбіз тауып алды. Сәбізді 10 рет бөлсе неше бөлік пайда болады?
7. Сужүрек тағы бір сәбізді 5 досына бөліп беру үшін неше рет бөлу керек?
8. Сужүректе сәбіз көп екенін естіп оның қасына тағы да 13 қоян сәбіз сұрап келді. Бірақ оның тек 8 рет бөлуге ғана күші жетеді. Барлық достарын ренжітпеу үшін оған неше сәбіз керек?
9. Журналдың ортасындағы ұстағышы түсіп қалып, барлық қос беттер шашылып кетті. Ақнұр бір қос бетті тауып алды. Бет нөмірлері 35, 36, 73, 74. Ақнұр журналдың неше беттен тұратынын анықтай алады ма?
10. Көпқабатты үйдің лифті үшінші қабатқа 6 секундта жетті. Жетінші қабатқа неше секундта шығады?
11. Бір кесенің биіктігі 6 см. 5 кесені бірінің үстіне бірін қояса 13 см болады. Дәл осылай 10 кесе биіктігі неше см болады?
12. Глобуста 17 параллель және 25 меридиан бар. Глобустың беті неше бөлікке бөлінеді.
13. Бағаданағыдай журналдан бір қос бет парағының бірінші беті 439, ал соңғы беті дәл осы цифрлардан құралған. Журналда неше бет бар?
14. Жолдың бойында арасы 3 метрден ағаштар отырғызылған. Әр бесінші ағаш қайың, әр тоғызыншы ағаш терек. Қалғаны қарағаш. Бірінші ағаш қайың, екіншісі терек. Болса жолдың қандай бөлігіне ағаштар отырғызылған?